

Секен Адай, Пишин Ү.,
Сансызбаева А.Б.,
Мазбаев О.Б., Изенбаев Б.Ж.

**RBD моделінің
туризмдегі рөлі
(ОСО Хан шатыр
мысалында)**

Мақалада RBD моделінің негізгі мәселелері қарастырылған, оның туризміндегі рөлі жайында сөз болмақ. RBD-ің функциялық ерекшелігі негізгі қала туризмінің индустриялық дамуының маңызды шараларының бірі, және туристік өнімдердің деңгейін көтерумен қосымша құнын арттыруын тездетеді. Бүгінгі таңда әр елдің мамандарының RBD-ді зерттеуі жоғарғы деңгейге көтерілді. Көптеген жаңа ойлар мен моделдер пайда бола бастады. RBD моделі – туризм индустриясын кешенді дамытудағы маңызды саты, және туризм индустриясын көлемді дамытумен басқа индустрияларды жетектеудегі басты жолдардың бірі. RBD-ің бизнес бағытының макролық жетекшілігінде ғана бытыраңқы шағын көлемдегі сауда орындарын демалыс жайларды орталықтандырып, жүйелендірілген, индустриялық даму және басқа индустрияларды жетектеп дамыту арқылы өнімдердің қосымша құнын жоғарылатып туризмге қатысушылардың кірісін арттыра алатындығын көруге болады. Сондықтан да қала туризмін индустриалды бағытта дамытып, қаланың функциональды рөлін арттыру үшін RBD салудың қажеттілігі туындайды. RBD моделіндегі Хан шатыр кешенінің рөлі мен оны құрудың басты шарттары қарастырылған.

Түйін сөздер: RBD, туризм, рекреация, этнография, экскурсия, супермаркет, гипермаркет.

Saiken Adayi,
Wu Piqin, Sansyzbaeva A.B.,
Mazbayev O.B., Izenbaev B.J.

**Role model RBD in urban
tourism (for example,
mall Khan Shatyr)**

In this article deals with the problems of using the model RBD in tourism. Analyzed its characteristic features, its significant role in the function of the city, as well as in the development of industrial tourism, thus increasing the level of tourism products and their added value. And revealed the necessity of creating a model the example of RBD Khan Shatyr. Currently, research in the field of RBD rose to high levels in almost every country. Used new models and opening. Models RBD – is an important step in the development of the complex for the tourism industry, as well as one of the main routes for large-scale development of the tourism industry and other industries. RBD models for business and macro trade used separately under the small-scale commerce, recreation, industrial development and other fields, which lead to a further increase in the value of tourism, thus increasing the income of participants. Thus, the development of tourism in the industrial area and the role of the city, there is a need for a model of RBD. For example, Khan Shatyr and model RBD, the basic rules and its role in urban infrastructure.

Kew words: RBD, tourism, recreation, ethnography, tour, supermarket, hypermarket.

Секен Адай, Пишин Ү.,
Сансызбаева А.Б.,
Мазбаев О.Б., Изенбаев Б.Ж.

**Роль модели RBD в туризме
(на примере ТРЦ Хан шатыр)**

В данной статье рассмотрены проблемы использования модели RBD в туризме. Проанализированы характерные его особенности, его значимая роль в функции города, а также в развитии индустриального туризма, при этом увеличивая уровень туристических продуктов и их дополнительной стоимости. Выявлена и обоснована необходимость создания модели RBD на примере Хан шатыра. В настоящее время исследования в области RBD поднялись на высокий уровень почти в каждой стране. Используются новые модели и открытия. Модели RBD являются важным шагом в развитии комплекса для индустрии туризма, а также одним из главных путей для масштабного развития туристической отрасли и других отраслей промышленности. Модели RBD для бизнеса и макроторговли используются отдельно под мелкокоммерческую торговлю, мест отдыха, промышленного развития и других отраслей, которые приводят к дальнейшему увеличению стоимости туризма, тем самым увеличивая доход участников. Таким образом, для развития туризма в промышленной зоне и повышения роли города есть необходимость использования модели RBD. На примере Хан Шатыра и его модели RBD рассмотрены основные правила и его роль в городской инфраструктуре.

Ключевые слова: RBD, туризм, рекреация, этнография, экскурсия, супермаркет, гипермаркет.

RBD МОДЕЛІНІҢ ТУРИЗМДЕГІ РӨЛІ (ОСО ХАН ШАТЫР МЫСАЛЫНДА)

Кіріспе

RBD (Recreational Business District) қысқартылған атауы, «Рекреациялық бизнес ауданы», «Туристік бизнес ауданы» т.б. Бұл ұғымды С. Stansfield пен J.B Rickert қатарлылар 1970 жылдары пайдаланып, әрі RBD – дің мағынасын келесідей тұрақтандырылған [1]. Мерзім бойынша қалаға кіретін туристердің қажеті үшін белгілі аумаққа қонақ үй, ойын - сауық, мейрамхана орындарын жинақты орналастырған аудан және кәдесый дүкендері орналастырған көшелер [2]. «Рекреациялық зерттеулер ұғымы сөздігі» RBD–дің мағынасын келесідей түсіндірген. Қала немесе қалашықта құрылған әртүрлі кәдесыйлар дүкендері, туристік орталықтар, тамақтану орындары бір жерге жинақталған туристерді өзіне тарта алатын, бөлшек сауда кәсібімен айналысатын ерекше аумақтардың аталуы [3]. Бүгінгі таңда әр елдің мамандарының RBD–ді зерттеуі жоғарғы деңгейге көтерілді. Көптеген жаңа ойлар мен моделдер пайда бола бастады. Мамандарының RBD жөніндегі зерттеу еңбектерін жинақтап келгенде төмендегідей қорытынды жасауға болады.

RBD ұғымы: қала мен қалашықтың дәстүрлі сауда орындарының маңайында орналасқан, туристерді тарту мақсатында ойын-сауық, этнография, қолөнер бұйымдары, мейрамхана, кәдесый, тағамжай, қонақ үй және бөлшек сауда қызмет өтеу құрылғылары орналасқан ерекше аумақ. Функциялық рөлі: экскурсиялау, тауар сатып алу, саудаға қызмет көрсету, ойын-сауық, ақпараттық қызмет көрсету.

Түрлері: Үлкен көлемдегі зат сатып алу орталықтары (Shopping mall) формасы. Ерекше тауар сатып алу, жаяулар көшесі формасы. Көне қаланың тарихи мәдени аумақтары формасы. Жаңа қаланың мәдениет туризм аумақтары формасы. Туристік қала формасы, бизнес орталығы формасы, рекреациялық құрылғылар формасы [4].

Бастапқы мәліметтер мен зерттеу әдістері

Қалаларда RBD–ді құруда қолайлы қатынас жағдайы болудан тыс және де дәстүрлі сауда орталығы, ерекше аумақтары бар жер бедері болуы қажет, Рекреациялық қажетті қанағаттан-

дыра алатын жергілікті тұрғындармен туристерді сырттан келгендерді туристерді қызықтыра алатын қосалқы күші зор белгілі мөлшерде туризмге қызмет ету, әлеуметтік құрылғылары бар мәдениет, этнографиялық мазмұнға бай жергілікті өңірлік ерекшелікке ие белгілі мәдениеттік аумақ қалыптастыра алатын жағдай болуы керек. Қазақстанда супермаркет, гипермаркет, орталықтар, бұл талаптарға сай емес. Тек қана Астана қаласындағы Хан шатыр кешенін жатқызуға болады.

Астана қаласы еліміздегі қазіргі заманғы қызмет көрсету индустриясындағы басты нысан. Оның функциясын кеңістіктегі құрылымын оңтайландыру, оның индустрия құрылымын реттеу арқылы жүзеге асыруға болады. Индустриялық құрылымын реттеу қаланың функциялық рөлін кемелдендіріп қана қоймай, функциялық рөлінің кеңістіктегі орналасуына да ықпал етеді. Астана қаласының көлемінің жылдан жылға ұлғаюына байланысты қаланың функционалды рөлінің маңызы күн сайын арта түсуде. Әсіресе ескі қала ауданының дамуы көкейтесті мәселеге айналды. Осы себепті ескі қала ауданының индустриялық дамуын ретке келтіру үшін, RBD орталығын құрып, қала туризм индустрияларын бір аумаққа жинақтап дамытудың қажеттілігі арта түсті [5].


RBD моделі – туризм индустриясын кешенді дамытудағы маңызды саты, және туризм индустриясын көлемді дамытумен басқа индустрияларды жетектеудегі басты жолдардың бірі. RBD моделі туризм индустриясын жинақтап дамытудағы негізгі арқау. Туристік индустрияларының жинақталу нәтижесінде туристік қызмет көрсетудің әрқайсы буындарында мамандандырылған кәсіби бөліс пен іскерлік қатынасты қалыптас-

тырған өзара байланысты күрделі жүйе қалыптасып, бұл жүйе географиялық әкімшілік шекара-лардан аттап, логистика қаржы айналымы және ақпараттық айналым текшесін қалыптастырады. RBD-ің бизнес бағытының макролық жетекшілігінде ғана бытыраңқы шағын көлемдегі сауда орындарын демалыс жайларды орталықтандырып, жүйелендірілген, индустриялық даму және басқа индустрияларды жетектеп дамыту арқылы өнімдердің қосымша құнын жоғарылатып туризмге қатысушылардың кірісін арттыра алатындығын көруге болады. Сондықтанда қала туризмін индустриалды бағытта дамытып, қаланың функционалды рөлін арттыру үшін RBD салудың қажеттілігі туындайды.

Астана Хан шатыры RBD –ің жалпы жағдайы. Астана қаласы типтік аридті аймақтар орналасқан. Климатының континенттілігі басым, қысы ұзақ, әрі суық, жазы ыстық. Қала Азия елдері астаналары ішіндегі солтүстік ендікте ең жакын орналасқан, және дүниедегі Монғолиядағы Ұлан Батордан кейінгі ең суық астаналардың біріне жатады. Дүниежүзінде астана атымен аталатын елордалары тек Қазақстан Астанасымен Оңтүстік Корея астанасы Сеул қаласы. Астана Хан шатыры дүниежүзіндегі көшпенділер мәдениетін көзге елестететін ең үлкен киіз үй үлгісі. Биіктігі 150 м, жалпы ауданы 100000 м².

Нәтижелері мен талдау

Орталық Азиядағы ең үлкен тауар сатып алу орталығы, бұл RBD орталығын салуға 232 млн доллар қаржы жұмсалған. Қазақтың ұлттық құрылыс сәулет өнерін әйгілейтін Астана қаласының брендтік құрылысына айналды.



1сурет – RBD моделінің ішкі құрылысы

Индустриялардың жинақталуы белгілі бар ерекше аумағы ішінде өзара байланысты болады. Географиялық белгілі орында әртүрлі бағыттағы құрылымдарды топтастыру көрнекті болады. Мәселен, мамандандырылған тауармен қамтамасыз етуші мен арнаулы құрылғылармен қамтамасыз етуші әрі қарай сатылу арнасымен тұтынушыларға дейін жалғасып басқа арнаулы технологияларды меңгерген серіктестіктермен де байланысты болады.

Индустриялық жинақтау бейне бір биологиялық органикалық секілді. RBD моделі туризм индустриясын жинақтап дамытуға арқау етеді. Туристік индустрияларының жинақталу нәтижесінде туристік қызмет көрсетудің әрқайсы буындарында мамандандырылған кәсіби бөліс пен іскерлік қатынасты қалыптастырған өзара байланысты күрделі жүйе қалыптасып, бұл жүйе географиялық әкімшілік шекаралардан аттап, логистика қаржы айналы-

мы және ақпараттық айналым текшесін қалыптастырады.

Қорытынды

Астана Хан шатыры RBD-ің функциялық ерекшелігіне негізделгенде қала туризмінің индустриялық дамуының маңызды шараларының бірі, және туристік өнімдердің деңгейін көтерумен қосымша құнын арттырудың кепілі. Сауда факторларының үздіксіз топталуымен қатар кейбір қызмет көрсету ерекшелігіне ие бизнестік әрекеттерге қызмет өтейтін экономикалық әрекеттердің формасы қала RBD – қалыптасуын тездетеді.

Қазіргі таңда дәстүрлі туристік өнімдерді өндірушілер көбі отбасылық көлемі шағын негізі әлсіз, қаржысы тапшы, ғылыми қосылымы төмен, жүйесіз, өндірістік қуаты төмен, кемшіліктерге толы, өндірушілер өнімдер жүйесін толықтай қалыптастыра алмайды. Өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндіктері аз.



3-сурет – Астана Хан шатыры RBD

Бұған қоса патент құқығын қорғау айқын болмағандықтан жаңа өнімдерді пайдаланғаннан кейін оп оңай ұқсатылып жасалып, баға бәсекесі қалыпсыз күйге түсіп, нарықтық айналымы тәртіпке түспей өнімдердің сапасы экономикалық өнімділігі төмендеп кетеді [7].

Туристік RBD құрылғылары кемелді нарықтық айналымы кедергісіз, жұмыс орны және тұтынушылары тұрақты, нарықтық бақылау күшті, сондықтан қиян кескі нарықтық бәсеке барысында үздіксіз жаңалық жаратып, әдемі мәнерленген өнімдерді шығарып өзін үздіксіз же-

тілдіріп отырғанда ғана өмір сүре алады, үздіктері ғана жеңіске жетеді. Бұдан туристік өнімдер RBD-ің бизнес бағытының макролық жетекшілігінде ғана бытыраңқы шағын көлемнен көлемдендірілген, жүйелендірілген, индустриялық даму және басқа индустрияларды жетектеп дамыту арқылы өнімдердің қосымша құнын жоғарылатып туризмге қатысушылардың кірісін арттыра алатындығын көруге болады. Сондықтан да қала туризмін индустриалды дамытып, қаланың функционалды рөлін арттыру үшін RBD салудың қажеттілігі туындайды.

Әдебиеттер

- 1 Д. Гетз. Туризмнің бизнес аудандарын жоспарлау // Туризмді зерттеу жылнамасы. – 1993. – 16 б.
- 2 Л.Стивен Ж.Смитт. Рекреациялық туризм географиясы: теориялары мен методикасы. Бейжің: жоғары мектеп баспасы, 1992. 6 б.
- 3 Бау Жигаң, Гу Шыюн. Гуанжу қаласының рекреациялық (RBD) аумағының қалыптасуы және дамуы//Гуманитарлық география. – (№4). – 2002. – 17 б.
- 4 Чін Шуе. Қытай қала туризмін зерттеудің өткенімен болашағы //Гуманитарлық география. – (№2). – 2001. – 10 б.
- 5 Кипцевич Е.А. Государственное регулирование международного туризма в современных условиях // Журнал международного права и международных отношений. – (№2). – 2007. – С.16.
- 6 Чекаева Р.У., Чекаев Ф. М. Архитектура Астаны XXI века // Архитектура, строительство и транспорт: Проблемы и перспективы развития Материалы республиканской научно-практической конференции. – ЕНУ. – Астана, 2010. – (№3). – С.70-74.
- 7 ТРЦ Хан-Шатыр. [Электронный ресурс]. URL:<http://afisha.zakon.kz/concerts/places/78306-trc-han-shatyr>.

References

- 1 D. Getz. Turizmin biznes audandaryn zhosparlau // Turizmdi zertteu zhylnamasy. – 1993. – 16 b.
- 2 L.Stiven Zh.Smitt. Rekreatsiyalık turizm geografiasy: teoriyalary men metodikasy. Bejzhin: zhogary mektep baspasy, 1992. – 6 b.
- 3 Bau Zhigan, Gu Shyjun. Guanzhu kalasynyn rekreaciyalık (RBD) aumagynyn kalyptasuy zhane damuy//Gumanitaryk geografija. – (№4). – 2002. – 17 b.
- 4 Chin Shue. Kytaj kala turizmin zertteudin otkenimen bolashagy //Gumanitaryk geografija. – (№2). – 2001. – 10 b.
- 5 Kipceevich E.A. Gosudarstvennoe regulirovanie mezhdunarodnogo turizma v sovremennyh uslovijah // Zhurnal mezhdunarodnogo prava i mezhdunarodnyh otnoshenij. – (№2). – 2007. – S.16.
- 6 Chekaeva R.U., Chekaev F. M. Arhitektura Astany XXI veka // Arhitektura, stroitel'stvo i transport: Problemy i perspektivy razvitiya Materialy respublikanskoy nauchno-prakticheskoy konferencii. – ENU. – Astana, 2010. – (№3). – S.70-74.
- 7 TRC Han-Shatyr. [Elektronnyj resurs]. URL:<http://afisha.zakon.kz/concerts/places/78306-trc-han-shatyr>.